

БЕКІТЕМІН *Н.С.*
Сарысай орта мектебі
КММ директоры
Нурмуханов Н.С.
« 01 » *09* 20 *22* ж



**2022-2023 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің
перспективалық жоспары**

ТҮСІНІК ХАТ

Мектеп жасына дейінгі балаларды дамыту мәселесі ұлттық даму стратегиясымен тығыз байланысты мемлекеттік саясаттың ажырамас бөлігі болып табылады. Бала — біздің болашағымыз. Олай болса, мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту баланың ғана емес, еліміздің де жарқын болашағының кепілі. Ол – үздіксіз білім берудің алғашқы деңгейі. Сондықтан, мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың негізгі мақсаты – баланың жеке басының қалыптасуы мен дамуы болып отыр.

Еліміздің мектепке дейінгі ұйымдардың педагогикалық үдерістерін жаңа бағдарламалармен, оны жүргізудің тиімді әдістерімен қамтамасыз ету қажеттілігі туды. Ұсынылып отырған бағдарламасы мектепке дейінгі 5-6 жастағы балаларды тәрбиелеу мен дамытудың психологиялық-педагогикалық және мазмұндық аспектілерін ашады және негізгі құзіреттіліктерді қалыптастырудың міндеттерін жүзеге асырады.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мақсаты әр баланың қызығушылықтарын, ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, жалпы адами және ұлттық құндылықтар негізінде оларды толыққанды дамыту мен әлеуетін ашу.

«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29031 болып тіркелген) (бұдан әрі – Үлгілік оқу бағдарламасы) сәйкес жүзеге асырады

5) мектепке дейінгі ұйымдар үшін әзірленген, өңірлік әдістемелік орталықтың ғылыми кеңесінде бекітілген және қолдануға ұсынылған білім беру бағдарламаларына сәйкес жүзеге асырады.

Тәрбиеленушілердің жеке тұлғасын жан-жақты дамыту мына бағыттар бойынша:

- физикалық дамыту;
- коммуникативтік дағдыларды дамыту;
- танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту;
- шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту;
- әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру арқылы іске асырылады.

Физикалық даму, балалардың коммуникативтік, танымдық, зияткерлік, шығармашылық дағдыларын, зерттеушілік қабілеттерін дамыту, әлеуметтік-эмоционалды дағдыларын қалыптастыру келесі ұйымдастырылған іс-әрекеттерді кіріктіру арқылы жүзеге асырылады:

- 1) дене шынықтыру (ерекше тәрбиеленушілер үшін бейімделген дене шынықтыру);
- 2) жүзу (жүзу бассейні болған кезде);
- 3) сөйлеуді дамыту;

- 4) көркем әдебиет;
- 5) сауат ашу негіздері;
- 6) қазақ тілі (оқыту басқа тілде жүргізілетін топтарда);
- 7) сенсорика;
- 8) математика негіздері
- 9). құрастыру
- 10.) қоршаған ортамен таныстыру
- 11). сурет салу
- 12). мүсіндеу
13. жапсыру
- 14). музыка

Стандарт талаптарына сәйкес әзірленген Үлгілік оқу жоспарларында балалардың жас ерешеліктеріне сәйкес кіріктірілген ұйымдастырылған іс-әрекеттер берілді.

Мектепалды даярлықтың негізгі міндеттері:

- балаларда оқу әрекетінің ұйымдастырылған мінез-құлқының дағдыларын қалыптастыру (танымдық белсенділік, шығармашылық);
- мектепке оқу үшін қажетті болашақ бірінші сынып оқушысының жеке қасиеттерін қалыптастыру (жауапкершілік, зейінділік, дербестік, ынталық);
- ұжымдық әрекетте бірлесіп әрекет ету дағдыларына тәрбиелеу (құрдастарына көмек көрсету, жұмыс нәтижелерін бағалау және т. б.);
- балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, мектепке дейінгі ұйымнан мектепке көшу кезінде сабақтастықты және табысты бейімделуді қамтамасыз ету;
- баланың мектепке эмоционалды-оң көзқарасын, оқуға деген ынтасын дамыту.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2022-2023 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары Білім беру ұйымы мектепалды сыныбы): Сарысай орта мектебі

Топ/сынып: мектепалды сынып

Балалардың жасы: 5 жастан бастап

Жоспардың құрылу кезеңі (айды, жылды көрсету): қазан айы, 2022-2023 оқу жылы

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
ҚАЗАН	Дене шынықтыру	Шашырап, жұппен, қатармен бір-бірден, екеуден, үшеуден тізені жоғары көтеріп жүгіруді үйрету; Бір сызыққа қойылған заттардың арасымен, кедергілердің арасымен өту арқылы «жыланша» жүгіруді үйрену; Кедергілерден өту арқылы әртүрлі жылдамдықпен –баяу, жылдам, орташа қарқынмен 1,5-2 минут тоқтамай жүгіруге баулу; Белгіленген жерге дейін жылдамдыққа \ұзындығы 20 метр\ жүгіруге дағдыландыру; Допты басымен итеріп, төрттағандап еңбектеуді үйрету \арақашықтығы 3-4 метр\ Гимнастикалық скамейка бойымен тартылып, иықтары мен тізелеріне сүйене отырып, етпетімен өрмелеуге машықтандыру
	Сөйлеуді дамыту	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті: ана тіліндегі дауысты және айтылуы және дыбысталуы ұқсас дауыссыз к-к дыбыстарды дұрыс, анық айтуды үйрету. Сөздік қор; Балалардың сөздік қорын тұрмыстық заттарды білдіретін зат есімдермен байыту. Сөйлегенде көп мағыналы сөздерді қолдану. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті; ана тіліндегі дауысты және айтылуы және дыбысталуы ұқсас дауыссыз г-ғ дыбыстарды дұрыс, анық айтуды үйрету. Сөздік қор; заттардың қасиеттері мен сапасын сипаттайтын сын есімдермен, адамдардың қарым-қатынасын, олардың еңбекке қатынасын білдіретін үстеулермен байыту.
	Көркем әдебиет	Шығармалар мен фольклор: Балаларды қол жетімді көркем шығармалар мен фольклорға, театр әлеміне баулу, кітапқа деген қызығушылығын дамыту. Әдеби шығармаларды эмоционалды қабылдауына ықпал ету, олардың мазмұнын түсіну, себеп-салдарлық байланыстарды, жанрларды (ертегі, әңгіме, өлең) ажырату, тілдің көркемдігін сезіну (эпитеттер, сипаттамалар, образды сөздер), шығарма кейіпкерлерінің іс-әрекетін бағалау.

Сауат ашу негіздері	<p>Әрбір сөздің мағынасы болатыны туралы түсінік қалыптастыру, сөздің мағынасына қызығушылыққа баулу. Сөздерді дыбыстық талдау: сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау.</p> <p>Буын туралы ұғымдарды қалыптастыру, сөздерді буындарға бөлу, олардың саны мен ретін анықтау. Буындардан сөздер құрастыруға (ауызша) үйрету.</p>
Қазақ тілі	<p>Білімділік міндеті; жаңылтпашты жылдам әрі жатқа айта білуге үйрету. Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету. 2-3 сөйлеммен затты сипаттай білу дағдыларын дамыту. Диалогке қатысуға үйрету.</p> <p>Дамытушылық міндеті; сөздерді сөйлемдерде байланыстырып құрауға дағдыландыру, сөздік қорларын байыту. Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру.</p> <p>Тәрбиелік міндеті: табиғатқа деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу.</p> <p>Білімділік міндеті; қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету. Сөздерді байланыстырып, сөйлемдер құрауды дағдыландыру. 2-3 сөйлеммен затты сипаттай білу дағдыларын дамыту. Диалогке қатысуға үйрету.</p> <p>Дамытушылық міндеті; қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру. Сұраққа толық жауап бере алу дағдыларын және артикуляциялық аппаратты дамыту.</p> <p>Тәрбиелік міндеті: табиғатқа деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу.</p>

Математика негіздері	<p>Кеңістік туралы түсініктерді бекіту: заттарды кеңістікте орналастыру (сол жақта, оң жақта, жоғарыда, төменде); қозғалыс бағыттары: сол жақтан оң жаққа, оң жақтан сол жаққа, жоғарыдан төменге, алға, артқа. Берілген бағытта, оны белгі бойынша өзгерте отырып, бағдарлауын қалыптастыру. Қағаз парағын бағдарлай білуді бекіту.</p> <p>«Бір» сөзінің мағынасы, ол тек бір затты ғана емес, сондай-ақ жиынның бір бөлігі ретінде заттардың тобын білдіретінін түсіндіру.</p> <p>Жиынды сапасы бойынша әртүрлі элементтерден (түсі, өлшемі, пішіні, дыбысы, қимылы, қолданылуы бойынша заттардан) құру, жиындарды бөліктерге бөлу және оларды қайта біріктіру, бүтін жиын мен оның әр бөлігі арасында байланыс орнату, жиынның бөліктен үлкен екенін, бөліктің жиыннан кіші екенін, жиынның бөліктерін санау және элементтердің (заттардың) бір-біріне қатынасы негізінде салыстыру.</p> <p>1-2 көлеміндегі сандарды тура және кері санауға жаттықтыру. Көрнекілік арқылы 1, 2 сандарының пайда болуымен, 0 ден 2 дейінгі цифрмен таныстыру. «Қанша?», «Нешінші?» сұрақтарын ажырату, оларға дұрыс жауап беру. 3-4 көлеміндегі сандарды тура және кері санауға жаттықтыру. Көрнекілік арқылы 3, 4 сандарының пайда болуымен, 0 ден 4 дейінгі цифрмен таныстыру. «Қанша?», «Нешінші?» сұрақтарын ажырату, оларға дұрыс жауап беру.</p> <p>3-4 көлеміндегі сандарды салыстыру, саны кем затқа бір зат қосу арқылы теңсіздіктен теңдік немесе саны көп заттан біреуін алып тастау арқылы теңдіктен теңсіздік шығару.</p> <p>Көлеміндегі сандарды тура және кері санауға жаттықтыру. Көрнекілік арқылы 6, 7, 8, 9, 10 сандарының пайда болуымен, 0 ден 9 дейінгі цифрмен таныстыру. «Қанша?», «Нешінші?» сұрақтарын ажырату, оларға дұрыс жауап беру.</p>	
Қоршаған ортамен таныстыру	<p>Табиғат әлеміне танымдық қызығушылықты, табиғаттың тірі объектілеріне жанашырлық сезімін дамыту,</p> <p>Қоршаған ортаға қатысты кейбір әрекеттерінің қарапайым салдарын көре білуді үйрету 2 с экологиялық мәдениеттің негіздерін қалыптастыру және табиғатта өзін қауіпсіз ұстауды дағдыландыру, арнайы көлік құралдарының қолданылуы туралы білуді үйрету</p>	
Шығар-к	Сурет салу Мүсіндеу Жапсыру Құрастыру	<p>Қағаздан таныс немесе ойдан әртүрлі бейнелерді, қатпарланып бүктелген қағаздан бірдей бірнеше пішіндерді және екіге бүктелген қағаздан симметриялы пішіндегі заттарды қию.</p> <p>Шығармашылық ойлауды және қиялды дамыту. Қағаздан құрастыру әдістерін қолданып, жазық материалды көлемді пішінге өзгерте білуді бекіту</p>
Музыка	Классикалық, халықтық және заманауи музыкамен таныстыру негізінде музыка мәдениетін қалыптастыру. Республика күніне арналған өлең жаттату. – 2сағ.	

		<p>Білімділік міндеті: қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету. Сөздерді байланыстырып сөйлемдер құрай білу дағдыларын жетілдіру, әрбір сөзді анық айтып, өз ойларын дұрыс жеткізе білуге үйрету. Дамытушылық міндеті: сөздік қорларын дамыту. Сөздердегі қазақ тіліне тән «қ» дыбысын дұрыс айтуға дағдыландыру. Артикуляциялық аппаратты, тыныс аруды және таза дикцияны дамыту.</p> <p>Тәрбиелік міндеті: балаларды татулыққа тәрбиелеу</p>
Математика негіздері		<p>Қағаз парағын тең және тең емес бөліктерге бөлу, бүтін мен бөлікті салыстыру. 8-10 бөліктерден пішіндерді жинап, құрастыру.</p> <p>Сан мен санды салыстыруда артық, кем, тең таңбаларын қолдануға жаттықтыру.</p> <p>Заттарды санына қарай салыстыру, артық, кем, тең таңбаларын бекіту. Ойлау қабілетін дамыту. Жинақылыққа тәрбиелеу.</p> <p>10 көлеміндегі сандарды тура және кері санауға жаттықтыру. Көрнекілік арқылы 6, 7, 8, 9, 10 сандарының пайда болу жолын ұғындыру.</p> <p>0 ден 9 дейінгі цифрмен таныстыру. «Қанша?», «Нешінші?» сұрақтарын ажырату, оларға дұрыс жауап беру. 10 көлеміндегі сандарды салыстыру, топтарды санау және салыстыру негізінде сандық мәндерді дұрыс жалпылау.</p>
Қоршаған ортамен таныстыру		<p>Қазақстан аумағын мекендейтін жануарлар мен олардың төлдерін атау және олардың өздеріне тән белгілері бойынша ажыратуды үйрету</p> <p>Қоғамдық орындарда мінез-құлық ережелері туралы; үйдегі, балабақша тобындағы міндеттері туралы түсініктерін кеңейту.</p> <p>Қоршаған ортада, табиғатта тәртіп ережелерін білу; өз өмірінің қауіпсіздігін сақтау (бейтаныс адамдармен сөйлеспеу, ойнамау, бөтен машиналарға бітпеу, бейтаныс адамдардың өтініштерін орындамау, олардың соңынан ермеу).</p> <p>Заттар, олардың белгілерін нақтылау және бейтаныс заттардың қолданылуын түсіну.</p> <p>Заттардың қандай материалдардан жасалғанын өз бетінше анықтау және талдау, олардың сапалары мен қасиеттерін сипаттау.</p> <p>Арнайы көлік құралдарының түрлерін, белгілі бір жұмыс түрін орындау үшін олардың жабдықталуын түсіну, ұялы телефон, смартфон, компьютер, ғаламтор, теледидардың қолданылуын білу, оларды қолдануда қауіпсіздікті сақтауды дағдыландыру</p>
Ш/қ	Сурет салу Мүсіндеу	Қазақ халқының тұрмыстық заттарымен (кілем, алаша, сырмақ, ши, көрпе, жастық), киіз үйдің жабдықтарымен (кереге, уық, шаңырақ, сықырлауық,

Жоспардың құрылу кезеңі (айды, жылды көрсету): қараша айы, 2022-2023 оқу жылы

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
ҚАРАША	Дене шынықтыру	<p>Сапта бір- бірден, екеуден, үшеуден жүреді, белгі бойынша заттардан бір қырымен аттап жүруді үйрету;</p> <p>Ересектің белгісімен тоқтап, қозғалыс бағытын өзгертіп, заттардың арасымен, жіптерден аттап жүруді үйрену;</p> <p>Жүруде тепе- теңдікті сақтай алуға баулу;</p> <p>Әртүрлі жылдамдықпен – баяу, жылдам, орташа қарқынмен тоқтап жүгіруге дағдылану;</p> <p>Заттардың арасынан төрттағандап еңбектеуге үйрету;</p> <p>Әртүрлі тәсілдермен заттардан еңбектеп өтуді, шапшаңдықты қалыптастыру;</p> <p>Заттардың арасымен секіреді, оң және сол аяқты алмастыра отырып арқаннан, сызықтан секіре білуге машықтандыру;</p> <p>Допты жоғары, жіптің үстінен лақтырып бір қолымен қағып алуды үйрету;</p> <p>Допты еденге бір қолмен ұрып, екі қолмен қағып алуды үйрену;</p> <p>Скамейканың үстіне қойылған текшелерден аттап жүру, арқан бойымен бір қырымен жүруге дағдыландыру;</p> <p>Әртүрлі қарқында секіргіштен аттап жүру, ересектің белгісімен тоқтап, қозғалыс бағытын өзгертуді үйрету.</p>
	Сөйлеуді дамыту	<p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті:</p> <p>Ана тіліндегі дауысты және айтылуы және дыбысталуы ұқсас дауыссыз ж-ш дыбыстарды дұрыс, анық айтуды үйрету.</p> <p>Сөздік қор:</p> <p>Балалардың сөздік қорын тұрмыстық заттардың қасиеттері мен сапасын сипаттайтын сын есімдермен байыту.</p> <p>Сөйлегенде синонимдерді қолдану, белгілі бір затқа және берілген әрекетке таңдау жасай білу.</p> <p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті:</p> <p>Ана тіліндегі дауысты және айтылуы және дыбысталуы ұқсас дауыссыз з-с дыбыстарды дұрыс, анық айтуды үйрету.</p> <p>Сөздік қор:</p>

		<p>Балалардың сөздік қорын тұрмыстық заттардың қасиеттері мен сапасын сипаттайтын сын есімдермен байыту. Сөйлегенде синонимдерді қолдану, белгілі бір затқа және берілген әрекетке таңдау жасай білу.</p> <p>Байланыстырып сөйлеу: Айналасындағылармен өздігінен диалогті бастауға ынталандыру Сұрақтарға қысқаша және толық жауап беруге баулу</p> <p>Сөздік қор: Балалардың сөздік қорын тұрмыстық заттарды білдіретін зат есімдермен байыту. Сөйлегенде көп мағыналы сөздерді қолдану.</p> <p>Байланыстырып сөйлеу: Негізгі ойды дұрыс жеткізе білу, монологты байланыстырып құра білу</p> <p>Сөздік қор: Синонимдер мен антонимдерді қолдану, белгілі бір затқа белгілерді, әрекеттерді және берілген әрекетке заттарды таңдай білу.</p>
Көркем әдебиет		<p>Шығарма мазмұнын сюжеттің бірізділігін сақтай отырып, эмоциямен, қисынды қайталап айтып беру, диалогтік сөйлеуді дамыту, кейіпкерлерге және олардың әрекеттеріне өз көзқарасын білдіру. Әдеби кейіпкердің белгілі бір әрекетін өзінің қалай қабылдағаны туралы айту, кейіпкерлердің жасырын әрекетін түсіну.</p> <p>Өлеңді жатқа, мәнерлеп, интонациямен айту. Көркем шығарманы рөлдерге бөліп, сахналау, рөлдерде кейіпкердің көңіл күйі мен мінезін, бейненің қимылын, интонациясы мен мимикасын беру, қойылымдағы өзінің рөлін мәнерлі дербес орындау.</p> <p>Әдеби кейіпкердің белгілі бір әрекетін өзінің қалай қабылдағаны туралы айту, кейіпкерлердің жасырын әрекетін түсіну.</p> <p>Жанрларды (ертегі, әңгіме, өлең) ажырату, тілдің көркемдігін сезіну (эпитеттер, сипаттамалар, образды сөздер), шығарма кейіпкерлерінің іс-әрекетін бағалау.</p>
Сауат ашу негіздері		<p>Сөз мағынасын түсіндіру; Сөйлем туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру (грамматикалық анықтамасыз), сөйлем сөздерден тұратынын түсіну.</p> <p>Сөйлемді ауызша талдау: жай сөйлемдерді сөздерге бөлу, сөйлемдегі сөздердің ретін, санын анықтау. берілген сөзге сөйлем құрастыру.</p> <p>Сөздерге дыбыстық талдау жасауды үйрету; Сөздегі дыбыстардың ретін, дауыссыз және дауысты дыбыстарды анықтауға жаттықтыру. Сөздерді буынға бөледі, олардың саны мен ретін анықтайды;</p>

	<p>Берілген буынға сөз құрастыруды үйрету; Сөздегі буындардың санын анықтауды жалғастыру;</p>
Қазақ тілі	<p>Білімділік міндеті: меңгерген сөздерді ауызекі сөйлеу тілінде қолдануға талпындыру. Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету.</p> <p>Дамытушылық міндеті: ойлау қабілеттерін дамыту, сұраққа толық жауап беруге машықтандыру. Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру.</p> <p>Тәрбиелік міндеті: бірлесе жұмыс істеуге тәрбиелеу</p> <p>Білімділік міндеті: санамақтар жаттау, тура және кері санау. Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету. Сөздерді сөйлемдерде байланыстырып құрауды дағдыландыру.</p> <p>Дамытушылық міндеті: қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру. Дикцияны, яғни сөзді анық, дұрыс айта білу дағдыларын дамыту.</p> <p>Тәрбиелік міндеті: ұқыптылыққа тәрбиелеу.</p> <p>Білімділік міндеті: апта күндерінің қазақша атауын дұрыс айту, есте сақтауға үйрету.</p> <p>Дамытушылық міндеті: жаңа сөздердегі қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айту, сөздік қорларын дамыту. артикуляциялық моторикасын жаттықтыру, сөйлеу кезіндегі тыныс алуды және дикцияны дамыту.</p> <p>Тәрбиелік міндеті: ұқыптылыққа тәрбиелеу.</p> <p>Білімділік міндеті: отбасы мүшелерінің атын қазақша айтуға, сөз тіркестерін дұрыс қолдануға үйрету, тақпақ, мақал-мәтел жаттау. Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету.</p> <p>Дамытушылық міндеті: қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру, байланыстырып сөйлеуді дамыту. Тілдік және артикуляциялық аппаратты дамыту.</p> <p>Тәрбиелік міндеті: үлкенге құрмет көрсете білуге тәрбиелеу.</p>
Математика негіздері	<p>Шеңбермен және тіктөртбұрышпен салыстыру арқылы сопақша пішінмен таныстыру. Геометриялық фигуралар (дөңгелек, үшбұрыш, шаршы, тіктөртбұрыш) дұрыс атап, оларды ажырата білуге жаттықтыру.</p> <p>Танымдық-зерттеушілік қызығушылықты, ойлауды, алдына қойылған міндетті шешу, не істеу, қалай істеу керек екенін түсіну.</p> <p>Геометриялық фигуралар (дөңгелек, сопақша) дұрыс атап, оларды ажырата білуге жаттықтыру.</p> <p>Геометриялық фигуралар мен денелерді (шар, текше, цилиндр) дұрыс атап, оларды ажырата білуге жаттықтыру.</p> <p>Танымдық-зерттеушілік қызығушылықты, ойлауды, алдына қойылған міндетті шешуде не істеу, қалай істеу керек екенін түсінуге, күрделі формадағы заттарды өз бетінше зерттеуге мүмкіндік беру, қоршаған ортадан геометриялық фигураларға ұқсас заттарды табу, олардың</p>

		<p>пішіндерін анықтау. Тәулік бөліктерінің ауысуын («кеше», «бүгін», «ертең»), оқиғалардың ретін («алдымен – содан кейін», «бұрын – кейінірек») анықтау. Апта күндерімен таныстыру, түсініктерін қалыптастыру.</p>
Қоршаған ортамен таныстыру		<p>Қоршаған ортада, табиғатта тәртіп ережелерін үйрету өз өмірінің қауіпсіздігін түсінеді және сақтауға үйрету Қоғамдық орындарда мінез-құлық ережелерін меңгерту Өзінің болашағына, біліміне, денсаулығына, қызметіне, жетістіктеріне сенімді болуға, қоғамға пайдасын тигізуге баулу Еңбекқорлық пен жауапкершіліктің маңызын түсіну, өзін-өзі құрметтеу, өз күші мен мүмкіндіктеріне деген сенімділікті арттыру. Үйде отбасы мүшелеріне қамқорлық жасау, үлкендерді сыйлау, кішіге ізет көрсету, үй шаруасына көмектесу, отбасы мүшелеріне жақсы көретінін білдіру, алғыс айту, сыпайы сөйлеу Өз құрдастарын тарта отырып, ұлттық ойындар ойнауға үйрету</p>
Шығар-қ	Сурет салу Мүсіндеу Жапсыру Құрастыру	<p>Заттардың пішіндеріне, бөліктердің салыстырмалы өлшеміне және олардың орналасуына сүйене отырып, түстер мен олардың реңктерін беру, негізгі пішінді, заттар мен олардың бөліктерінің пропорцияларын мәнерлеп жеткізе білу, түстерді өз қалауы бойынша таңдау. Бояулармен жұмыс жасауды жетілдіру (бояғышта акварельді сумен араластыру, қажетті түсті алу), қанық түстер алу үшін қарындашты түрліше басып бояу, бейнелеу, түсті қанық беру үшін қағаздың фонын таңдау және бояуларды үйлестіру, өз жұмысының нәтижелерін бағалау.</p> <p>Бақылаған заттың бейнесін бере білу, затты әртүрлі қалыптарда мүсіндеу, пішіннің бетін дымқыл шүберекпен тегістеу және кескішті пайдалану. Адамның бейнесін, жануарлардың қимылдарын, қол-аяқтардың қалпын дұрыс мүсіндеу. Заттардың ұзын және қысқа, жуан және жіңішке белгілерін көрсете білу, бөліктердің салыстырмалы көлемдерін сақтау, мүсінделген пішіндердің бөліктерін бір-біріне қосып, біріккен жерлерін тегістеу.</p> <p>Қағаздан таныс немесе ойдан әртүрлі бейнелерді, қатпарланып бүктелген қағаздан бірдей бірнеше пішіндерді және екіге бүктелген қағаздан симметриялы пішіндегі заттарды қию.</p> <p>Қағаздан құрастыру Қағаз цилиндрлерден қазақ халқының ұлттық бас киімдерін (тақия, сәукеле, кимешек) және ыдыстарын құрастыру, оларды жіппен, ою-өрнектермен безендіру. Пішіндердің түрлі</p>

		<p>қалыптарын бере білуді, оларды күрделі емес композицияларға біріктіруді қалыптастыру. Өзінің құрастырған құрылысын талдау арқылы тиімді конструктивті шешімдерді табу, оларды құрастыруда қолдану. Дербестікті, шығармашылықты, бастаманы қолдау. Ұжыммен сюжетті құрастыруға баулу.</p>
	Музыка	<p>Балаларды шығармалардың эмоционалды мазмұнын, олардың сипатын, көңіл- күйін, динамикалық ерекшеліктерін ажырата білуге үйрету. Өмірдің кейбір құбылыстарын бейнелеу тәсілі ретінде әлемдік және қазақ музыка өнерінің шығармаларымен таныстыру. Музыкалық шығармалардың жанрларын ажыратуға \ән, күй, марш, би\ үйрету -2с Шығармалардың жеке фрагменттері бойынша \кіріспе, қорытынды, музыкалық фразалар\ әуендерді тану арқылы музыканы есте сақтауды жетілдіру.-2с</p>

Жоспардың құрылу кезеңі (айды, жылды көрсету): желтоқсан айы, 2022-2023 оқу жылы

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
ЖЕЛТОҚСАН	Дене шынықтыру	<p>Шашырап, жұппен, қатармен бір-бірден, екеуден, үшеуден тізені жоғары көтеріп жүгіруді үйрету; Бір сызыққа қойылған заттардың арасымен, кедергілердің арасымен өту арқылы «жыланша» жүгіруді үйрену; Кедергілерден өту арқылы әртүрлі жылдамдықпен –баяу, жылдам, орташа қарқынмен 1,5-2 минут тоқтамай жүгіруге баулу; Белгіленген жерге дейін жылдамдыққа \ұзындығы 20 метр\ жүгіруге дағдыландыру; Допты басымен итеріп, төрттағандап еңбектеуді үйрету \арақашықтығы 3-4 метр\ Гимнастикалық скамейка бойымен тартылып, иықтары мен тізелеріне сүйене отырып, етпетімен өрмелеуге машықтандыру. Бірнеше заттардан еңбектеп өту, әртүрлі тәсілдермен құрсаудың ішіне еңбектеп өтуге үйрену; Гимнастикалық қабырғамен өрмелеу және бір гимнастикалық қабырғадан екіншісіне ауысып өрмелеуге баулу; Бір орында тұрып, алға қарай 3-4 метр қашықтыққа жылжу арқылы секіруді үйрету; Екі тізенің арасына қапшықты қысып алып, түзу бағытта \арақашықтығы 6 метр\ қос аяқтап секіруді үйрету; Оң және сол аяқты алмастырып, заттардың арасымен \арақашықтығы 3 метр\ секіруге баулу; Бір аяқпен және қос аяқпен құрсаудан құрсауға секіруге \арақашықтығы 40 сантиметр\ дағдыландыру; Оң және сол аяқты алмастыра отырып, арқаннан, сызықтан секіруге, тұрған орнында айналып секіруге баулу.</p>
	Сөйлеуді дамыту	<p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті: Ана тіліндегі дауысты және айтылуы және дыбысталуы ұқсас дауыссыз н-ң дыбыстарды дұрыс, анық айтуды үйрету. Сөздік қор: Балалардың сөздік қорын тұрмыстық заттардың сапасын сипаттайтын сын есімдермен, адамдардың қарым-қатынасын, олардың еңбекке қатынасын білдіретін үстеулермен байыту. Сөйлегенде антонимдерді қолдану, белгілі бір затқа белгілерді, әрекеттерді және берілген әрекетке заттарды таңдай білу. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті:</p>

	<p>Фонематикалық естуді дамыту, сөздегі дыбыстардың орнын анықтау (басы, ортасы, соңы)</p> <p>Сөздік қор: Балалардың сөздік қорын тұрмыстық заттарды білдіретін зат есімдермен байыту. Сөйлегенде көп мағыналы сөздерді қолдану.</p> <p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті: Ана тіліндегі дауысты және айтылуы және дыбысталуы ұқсас дауыссыз б-п дыбыстарды дұрыс, анық айтуды үйрету.</p> <p>Сөздік қор: Зат есімдер мен жалпылаушы сөздерді дұрыс қолдана білуді дамыту. Балаларға сөздерді мағынасына сәйкес қолдануға көмектесу.</p> <p>Байланыстырып сөйлеу: Сұрақтарды дұрыс қоюға және қойылған сұрақтарға қысқаша немесе толық жауап беруге баулу, әңгімелесу кезінде өзін мәдениетті ұстау, әлепті және сабырлы болу.</p> <p>Сөздік қор: Сөйлегенде көп мағыналы сөздерді, синонимдер мен антонимдерді қолдану, белгілі бір затқа белгілерді, әрекеттерді және берілген әрекетке заттарды таңдай білу.</p>
Көркем әдебиет	<p>Көркем шығарманы рөлдерге бөлу: Өлеңді жатқа, мәнерлеп, интонациямен айту. Көркем шығарманы рөлдерге бөліп, сахналау, рөлдерде кейіпкердің көңіл күйі мен мінезін, бейненің қимылын, интонациясы мен мимикасын беру, қойылымдағы өзінің рөлін мәнерлі дербес орындау.</p> <p>Шешендікке, сөз өнеріне баулу, санамақ, жаңылтпаш айту, жұмбақ шешу, айтыс өнеріне баулу. Сахналық қойылымдарға қатысуға баулу, онда рөлді, сюжетті таңдауда бастамашылық пен дербестік танытуға ынталандыру, белгілі образды сомдауда эксперимент жасауға, түрлендіруге мүмкіндік беру.</p>
Сауат ашу негіздері	<p>Сөйлем сөзден тұратынын үйрету. Берілген сөздерден жай сөйлемдер құрастыру. Қаламды дұрыс ұстай алуын жетілдіру; Жазу парағында бағдарлауды, жазу жолымен жоларалық кеңістікті ажыратуды үйрету; Геометриялық пішіндердің сыртын контурдан шықпай бастыруға баулу; Көгөністер мен жемістердің дайын суретін контурдан шықпай бояуға дағдыландыру; Түрлі сызықтар салуға машықтандыру; Қолды жазуға дайындауға берілген тапсырмаларды қызығушылықпен орындату</p>
Қазақ тілі	<p>Білімділік міндеті: Мемлекеттік Туды сипаттай білуге үйрету, тақпақты жаттау. Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету.</p>

		<p>Дамытушылық міндеті: қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айту, ауызекі сөйлеу тілдерін жетілдіру.</p> <p>Тәрбиелік міндеті: Отанға деген сүйіспеншіліктерін тәрбиелеу.</p> <p>Білімділік міндеті: Мемлекеттік Елтаңбаны сипаттай білу үйрету, тақпақты жаттау. Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету. Педагогтің көрсеткен үлгісі бойынша шағын мәтін құрастыра білу дағдыларын жетілдіру.</p> <p>Дамытушылық міндеті: қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айту, ауызекі сөйлеу тілдерін жетілдіру.</p> <p>Тәрбиелік міндеті: Отанға деген сүйіспеншіліктерін тәрбиелеу.</p> <p>Білімділік міндеті: сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыру, тақпақ жаттау. Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету. Зат есімдерді жекеше және көпше түрде қолдану дағдыларын қалыптастыру.</p> <p>Дамытушылық міндеті: сөздерді сөйлемдерге байланыстырып құрастыруды дағдыландыру. Қандай? сұрағына жауап беру дағдысын дамыту. Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру.</p> <p>Тәрбиелік міндеті: елорданы мақтан тұтуға тәрбиелеу</p> <p>Білімділік міндеті: сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыру, мақал-мәтел, жұмбақ жаттау дағдыларын қалыптастыру.</p> <p>Дамытушылық міндеті: қазақ тіліндегі сөздерді дұрыс айта білу және оларды қолдана білу дағдыларын дамыту. Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айту, ауызекі сөйлеу тілдерін жетілдіру.</p> <p>Тәрбиелік міндеті: жаңаны білуге деген құштарлықтарын арттыру және қайырымдылыққа</p>
Математика негіздері		<p>.Қағаз парағын тең және тең емес бөліктерге бөлу, бүтін мен бөлікті салыстыру. 8-10 бөліктерден пішіндерді жинап, құрастыру. Сан</p> <p>мен санды салыстыруда артық, кем, тең таңбаларын қолдануға жаттықтыру.</p> <p>Заттарды санына қарай салыстыру, артық, кем, тең таңбаларын бекіту. Ойлау қабілетін дамыту. Жинақылыққа тәрбиелеу.</p> <p>10 көлеміндегі сандарды тура және кері санауға жаттықтыру. Көрнекілік арқылы 6, 7, 8, 9, 10 сандарының пайда болу жолын ұғындыру.</p> <p>0 ден 9 дейінгі цифрмен таныстыру. «Қанша?», «Нешінші?» сұрақтарын ажырату, оларға дұрыс жауап беру.</p> <p>10 көлеміндегі сандарды салыстыру, топтарды санау және салыстыру негізінде сандық</p>
Қоршаған ортамен таныстыру		<p>Туған өлке, ел, Отан, мемлекеттік және халықтық мерекелер, еліміздің рәміздері, оның маңызы туралы білімдерін кеңейту.</p> <p>Қазақстан Республикасының Президенті, оның халық үшін атқаратын қызметінің маңыздылығын түсіну.</p> <p>Тірі және өлі табиғаттың, Қазақстанның әсем табиғаты, көрнекі жерлері мен тарихи орындарының, мәдени мұрасының маңыздылығын түсіндіру</p> <p>Қазақ халқының киіз үйінің маңыздылығын, оның құрылысы мен ішкі жабдықтарын білу</p> <p>Тірі және өлі табиғат құбылыстары туралы білімдерін кеңейту. «Өлі</p>

		<p>табиғат» ұғымымен таныстыру (су, ауа, мұз сүңгілері, күн, бұлт, қар, тастар, жел, жаңбыр); өлі табиғат заттарын адамның қолымен жасалған заттардан ажырата білу</p> <p>Адам өмірі үшін судың, құмның, күн, ай сәулесінің, саздың, тастардың маңызын түсіндіру</p> <p>Туған өлкенің өсімдіктері (ағаштар, бұталар, гүлдер, шөпті өсімдіктер) туралы түсініктерін кеңейту, «орман», «шалғын» және «бақша» ұғымдарымен таныстыру</p> <p>Өсімдіктерге қажеттіліктеріне сәйкес күтім жасау әдістерін білу: оларды суару, түбін қопсыту, жапырақтың шаңын сүрту.</p> <p>Нанға ұқыпты қарауға, бидайды өсіруге және өндіруге қатысатын адамдардың еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу.</p>
Ш/лық	Сурет салу Мүсіндеу Жапсыру Құрастыру	<p>Бейнелеу әдістерін (штрихтар, бояуларды араластырып, кляксография, жіппен) қолдану.</p> <p>Жаңа түстер (күлгін) және реңктерді (көк, қызғылт, қою жасыл) бояуды араластыру арқылы шығару (гуашпен сурет салу кезінде).</p> <p>Түзу, ирек, жіңішке, жалпақ сызықтарды, түрлі көлемдегі дөңгелектерді, жақпаларды, нүктелерді ырғақты орналастыра отырып, қарапайым пішінді өрнектерді құрастыра білуді бекіту, түрлі өлшемді өрнектерді біріктіру, ақ және түрлі-түсті фондарды қолдана отырып, түсті таңдау.</p> <p>Мүсіндеудің әртүрлі әдістерін қолдану: құрылымдық (жеке бөліктерден) және мүсіндік (негізгі бөліктерді тұтас кесектен жасау). Затқа қарап мүсіндеуде ойыншықтарды, пішіні шағын мүсіндерді, халық шеберлерінің бұйымдарын қолдану.</p> <p>Қазақ халқының түрлі ыдыс-аяқтарын (қазан, астау, табақ, тостаған, керсен, ожау, күбі торсық), тұрмыстық заттарын (керует, үстел, ер-тұрман, ошақ, кебеже, диірмен), зергерлік бұйымдарымен (білезік, сырға, сақина, тұмар, шашбау), туған өлкедегі мәдени мұра ескерткіштерімен таныстыру, аталған заттардан қалауы бойынша мүсіндеу және оларды ою-өрнектермен және қосымша заттармен (моншак, дән) безендіру, жұмыс барысында әртүрлі пішінді кескіштерді қолдану, олардың бетіне бедерлер жасау.</p> <p>Жапсырудың түрлі әдістері (симметриялы, сыңарлы симметриялы, сұлбалы) мен тәсілдерін (тура, қисық қию, ою, флористика элементтерін) қолдану, түрлі материалдардан (қағаз, мата, табиғи материалдар) жапсыру.</p> <p>Шығармашылық ойлауды және қиялды дамыту. Қағаздан құрастыру әдістерін қолданып, жазық материалды көлемді пішінге өзгерте білуді бекіту.</p>

		<p>Дайын үлгілермен және қарапайым сызба бойынша жұмыс істеу, бейнені кескіні бойынша қию үшін қайшыны қолдану.</p> <p>Табиғи, қалдық материалдардан құрастыру.</p>
Музыка		<p>Қазақ халық аспаптары: домбыра мен қобыз үнінің тембрлік ерекшеліктерімен, «күй» жанрымен таныстыру.</p> <p>Лирикалық, вальс ырғағындағы баяу әндерді қабылдауға баулу.</p> <p>Ән қарқынының өзгеруін байқау, шығармаларды сипаттай білуге дағдыландыру.</p> <p>Музыкаға сәйкес орындалатын би қимылдарын білуге машықтандыру, жаңа жылдық билер үйрету .</p>

Жоспардың құрылу кезеңі (айды, жылды көрсету): қаңтар айы, 2022-2023 оқу жылы

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
қаңтар	Дене шынықтыру	<p>Спорт алаңында қауіпсіздікті сақтауға баулу. Шанамен төмпешіктен сырғанауды үйрету. 20см биіктікке секіруді үйрету; Допты жоғары лақтыру, бір қатарға қойылған заттардың арасымен домалатуды үйрету. Бір-бірін шанамен сырғанату, төбешіктен бір- бірлеп және екі- екіден шанамен сырғанауды жалғастыру. Допты қабырғаға лақтыру және екі қолымен қағып алуға баулу; 2-2,5 метр арақашықтықтағы нысанаға құм салынған қапшықты, асықты лақтыруға үйрету; Өз бетінше мұзды жолмен сырғанау, жүгіріп келіп сырғанауды үйрету. Допты екі қолымен заттардың арасымен \арақашықтығы 4 метр\ жүргізуге үйрету Допты екі қолымен бір- біріне \арақашықтығы 1,5-2 метр басынан асыра лақтыруға баулу. Шаңғымен жүруге дағдыландыру. Допты лақтыру және алға қарай жылжып, екі қолымен қағып алуға \арақашықтығы 4-5 метр\ баулу.</p>
	Сөйлеуді дамыту	<p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті:ана тіліндегі дауысты және айтылуы және дыбысталуы ұқсас дауыссыз р-л дыбыстарды дұрыс,анық айтуды үйрету. Сөздік қор:балалардың сөздік қорын тұрмыстық заттарды білдіретін зат есімдермен, заттардың қасиеттері мен сапасын сипаттайтын сын есімдермен, адамдардың қарым-қатынасын білдіретін үстеулермен байыту. Тілдің грамматикалық құрылымы:түбірлес сөздерді жасау және қолдана білу,етістіктерді жалғаулармен қолдану, сөйлеу әдебін,жай және жайылма сөйлемдерді қолдану дағдыларын қалыптастыру Байланыстырып сөйлеу:ойыншықтарды,заттарды,сюжеттік суреттер,табиғат құбылыстарын сипаттауда заттар мен нысандардың ерекшеліктерін білдіретін сөздерді дұрыс таңдау,сын есімдер мен үстеулерді қолдану. Тілдің грамматикалық құрылымы:интонациясы бойынша сөйлемдерді (хабарлы, сұраулы,лепті) ажыратып,сөйлегенде қолдана білуді дамыту. Байланыстырып сөйлеу:шағын логикалық және хабарлау сипатындағы әңгімелерді құрастыру Тілдің грамматикалық құрылымы:сөйлемдердегі сөздерді: зат есімдерді сан есімдермен және сын есімдерді зат есімдермен үйлестіре білуді жетілдіру. Байланыстырып сөйлеу</p>

	<p>Сұрақтарды дұрыс қоюға және қойылған сұрақтарға қысқаша немесе толық жауап беруге баулу, әңгімелесу кезінде өзін мәдениетті ұстау, әдепті және сабырлы болу.</p>
Көркем әдебиет	<p>Сахналық қойылымдарға қатысуға баулу, онда рөлді, сюжетті таңдауда бастамашылық пен дербестік танытуға ынталандыру, белгілі образды сомдауда эксперимент жасауға, түрлендіруге мүмкіндік беру. Эндер мен билерді қолдана отырып, көркем бейнені құруда шығармашылық дербестікті дамыту. Ертегі кейіпкерлерінің іс-әрекетіне өз пікірін айта білуге баулу. Байланыстырып сөйлну дағдысын жетілдіру.</p> <p>Кейіпкерлердің іс-әрекетіне өз ойын айта білуге баулу. Әңгіменің мағынасын интонациямен мазмұндауға дағдыландыру.</p>
Сауат ашу негіздері	<p>Сөздегі дыбыстардың орнын ажыратуды жалғастыру; 3-4 дыбыстан тұратын сөздерге дыбыстық талдау жасату; Қолды жазуға дайындауға берілген тапсырмаларды қызығушылықпен орындату; Дыбыстардың белгілерін ажыратуды \дауысты, дауыссыз\ жалғастыру Берілген сөздерден жәй сөйлемдер құрастыру; Сөздерді буынға бөліп, саны мен ретін анықтау; Жазу парағында бағдарлай білуге машықтандыру;</p>
Қазақ тілі	<p>Білімділік міндеті: сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыру, жаңа сөздерді дұрыс айтуға жаттықтыру. Сөздерді бір-бірімен байланыстырып, сөйлем құрай білу дағдыларын жетілдіру. Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету.</p> <p>Дамытушылық міндеті: қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру, ауызекі сөйлеу тілдерін жетілдіру.</p> <p>Тәрбиелік міндеті; алматы қаласын мақтан тұтуға тәрбиелеу.</p> <p>Білімділік міндеті; қыс мезгілінің ерекшеліктерін қазақша айтуға үйрету, тақпақ, жаңылтпаш жаттауға және диалогке қатысуға үйрету. Педагогтің көрсеткен үлгісі бойынша шағын мәтін құрастыра білу дағдыларын жетілдіру.</p> <p>Дамытушылық міндеті: жаңа сөздерде қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айту, қоршаған орта жайлы ұғымдарды қалыптастыру барысында сөздік қорды байыту және дамыту.</p> <p>Тәрбиелік міндеті: қоршаған ортаны бақылату, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.</p> <p>Білімділік міндеті: сөз тіркестерін, сөйлемдер құрауға, сұрақтарға толық жауап беруге үйрету, ертегі кейіпкерлерінің сөздерін мәнерлеп, дауыс ырғағын келтіріп айтуды үйрету.</p> <p>Дамытушылық міндеті: есте сақтау қабілеттерін, балалардың байланыстырып, мәнерлеп сөйлеуін дамыту, сөздік қорларын дамыту. Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру.</p> <p>Тәрбиелік міндеті: сыйластыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.</p>

	Жапсыру Құрастыру	<p>басқұр) таныстыру, аталған заттардан қалауы бойынша қиып жапсыру, оларды ою-өрнектермен безендіру.</p> <p>Бақылаған заттың бейнесін бере білу, затты әртүрлі қалыптарда мүсіндеу, пішіннің бетін дымқыл шүберекпен тегістеу және кескішті пайдалану</p> <p>сурет бойынша: заттардың жазықтықта әртүрлі орналасуы мүмкін екендігін түсінеді; түстерді өз қалауы бойынша таңдайды; бояуларды қолдануды, бояғышта акварельді сумен араластыруды, қанық түстер алу үшін қарындашты түрліше басып бояуды біледі; өз жұмысының нәтижелерін бағалай алады; ұжыммен бірге жұмыс істейді, міндеттерді өзара келісіп орындайды;</p> <p>сурет салуда әртүрлі техниканы қолданады; парақтың ортасын, бұрыштарын, жоғарғы, төменгі, оң және сол жақтарын ажыратады</p>
	Музыка	<p>Музыканың және оның бөліктерінің сипатындағы өзгерістерге сәйкес қимылдарды өзгерте отырып, жаттығуларды орындауға үйрету: марш сипаты.</p> <p>Музыканың қимыл сипатын жеңіл және ырғақпен жүгіру, жүрелеп отыру арқылы бере білу.</p> <p>Би қимылдарын: қосалқы дене ауыспалы қадам жасауды, әртүрлі бағытта жүгіруді және секіруді меңгерту</p> <p>Музыкаға сәйкес орындалатын би қимылдарын білу;</p>

Жоспардың құрылу кезені (айды, жылды көрсету): ақпан айы, 2022-2023 оқу жылы

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Ақпан	Дене шынықтыру	<p>Бір – бірінің артынан сапқа тұру, орнында айналу, оңға солға бұрылу, сап түзеп, 1-3 қатарға тұруды үйрету. Түзу бағытта адымдап жүру, жұбымен шеңбер бойымен жүруге баулу. Шаңғымен бірінің артынан бірі ауыспалы кадаммен алға жылжу, және сол аяқтарымен сырғанауды үйрету; Саусақтарды айқастырып, алға – жоғары көтеру \колды сыртқы жағымен ішке қарай бұруға\ машықтандыру; Гимнастикалық қабырғаға арқасымен сүйеніп тұрып, белінің тұсындағы тактайшаны ұстап, алға еңкеюді үйрету. Шаңғымен бір орында тұрып оңға, солға бұрылу, айнала білуге баулу. Гимнастикалық қабырғаға арқасымен сүйене тұрып, белінің деңгейіндегі рейкадан ұстапаяқты кезектестіре бұгу және тік көтеруге баулу. Алға қарай еңкейіп, алақанды еденге тигізу, қолды жоғары көтеріп, жан- жаққа бұрылу жаттығуларын үйрену Берілген бағытта қақпаға хоккей таяқпен шайбаны сырғанату, оны қақпаға кіргізуді үйрету. Эстафеталық ойындарға баулу.</p>
	Сөйлеуді дамыту	<p>Шығармашылық сөйлеу әрекеті; өзара байланысты бірізді сюжет құрастыру, сөйлегенде бейнелі сөздерді, эпитеттерді, салыстыруларды қолдану. Сөздік қор; балалардың сөздік қорын тұрмыстық заттарды білдіретін зат есімдермен, заттардың қасиеттері мен сапасын сипаттайтын сын есімдермен, адамдардың қарым- қатынасын білдіретін үстеулермен байыту. Шығармашылық сөйлеу әрекеті; шығармашылықпен әңгімелеп беруді жетілдіру: ересектердің көмегімен әңгіменің жалғасын және соңын ойдан шығару Байланыстырып сөйлеу; ойыншықтарды, заттарды, сюжеттік суреттер, табиғат құбылыстарын сипаттауда заттар мен нысандардың ерекшеліктерін білдіретін сөздерді дұрыс тандау, сын есімдер мен үстеулерді қолдану. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті; ана тіліндегі дауысты және дауыссыз дыбыстарды дұрыс, анық айтуды үйрету. Артикуляциялық жаттығулар жасау.</p>

	<p>Байланыстырып сөйлеу; негізгі ойды дұрыс жеткізе білу, монологты байланыстырып құра білу, әңгімені бірізді айту, шағын әңгімелер құрастыру</p> <p>Тілдің грамматикалық құрылымы; сөйлемдердегі сөздерді: зат есімдерді сан есімдермен және сын есімдерді зат есімдермен үйлестіре білуді жетілдіру.</p> <p>Байланыстырып сөйлеу; сұрақтарды дұрыс қоюға және қойылған сұрақтарға қысқаша немесе толық жауап беруге баулу, әңгімелесу кезінде өзін мәдениетті ұстау, әдепті және сабырлы болу.</p>
Көркем әдебиет	<p>Ертегі мазмұнын интонациямен мазмұндау арқыы сахналауға баулу. Ертегіні баяндауда эпитет, теңеу сөзді қолдануға үйрету.</p> <p>Театрландырылған әрекеттің түрлі тәсілдерін меңгерту. Театрландырылған өнердің тәсілдері мен жанрларын меңгерту.</p> <p>Әдеби шығармаларды эмоционалды қабылдауына ықпал ету, олардың мазмұнын түсіну, себеп-салдарлық байланыстарды, жанрларды (ертегі, әңгіме, өлең) ажырату, тілдің көркемдігін сезіну (эпитеттер, сипаттамалар, образды сөздер), шығарма кейіпкерлерінің іс-әрекетін бағалау.</p> <p>Әдеби кейіпкердің белгілі бір әрекетін өзінің қалай қабылдағаны туралы айту, кейіпкерлердің жасырын әрекетін түсіну.</p>
Сауат ашу негіздері	<p>Сөздерге дыбыстық талдау жасау;</p> <p>Сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау;</p> <p>Сөздерді буынға бөледі, олардың саны мен ретін анықтау;</p> <p>Әңгімелесушіні тыңдауға, диалог жүргізуге, өз пікірін айтуға үйрету;</p> <p>Қолды жазуға дайындау.</p> <p>Жазу парағында бағдарлай білуді үйрету;</p> <p>Балалардың құрдастарымен тәуелсіз шешім қабылдауы үшін көрнекі материалдар таңдау;</p>
Қазақ тілі	<p>Ана тіліндегі дауысты және айтылуы және дыбысталуы ұқсас дауыссыз б-п дыбыстарды дұрыс, анық айтуды үйрету.</p> <p>Фонематикалық естуді дамыту, сөздегі дыбыстардың орнын анықтау (басы, ортасы, соңы).</p> <p>Артикуляциялық жаттығулар жасау.</p> <p>Сөйлеуде интонациялық мәнерлілік құралдарын қолдану: дауысқарқынын, логикалық үзіліс пен екпінді реттеу.</p> <p>Сөйлегенде көп мағыналы сөздерді, синонимдер мен антонимдерді қолдану, белгілі бір затқа белгілерді, әрекеттерді және берілген әрекетке заттарды таңдай білу.</p> <p>Алуан түрлі заттарды сипаттауға, қарым-қатынас жасауға қажетті сөздерді қолдану және</p>

		<p>түсіну, оларды сөйлегенде белсенді қолдану дағдыларын қалыптастыру.</p> <p>Сурет бойынша азық-түлік, тағам, сусын атауларымен таныстыру. Берілген сөздерді «жеймін, ішемін» сөзімен байланыстыра айтуға үйрету. Жеймін, ішемін сөздерінің айырмашылына көңіл аударту.</p> <p>Қыс пен жаз мезгілінің таныстыру. «Жазда күн ыстық. Қыста күн ыстық» деген сұраққа қысқа жауап бере алуға үйрету. Сурет бөліктеріне назар аудару. Оларды атай алуға үйрету.</p>
Математика негіздері		<p>10 көлеміндегі сандарды салыстыру, саны кем затқа бір зат қосу арқылы теңсіздіктен теңдік немесе саны көп заттан біреуін алып тастау арқылы теңдіктен теңсіздік шығару.</p> <p>Заттарды бірнеше бірдей бөлікке бөлу, бүтін мен бөлшектерді салыстыру.</p> <p>Көрнекілік негізінде қарапайым мысалдар мен тапсырмаларды шешу.</p> <p>Қарапайым мысалдар шығаруға үйрету, логикалық есеп арқылы баланың қиялын, ой-өрісін дамыту.</p> <p>Шартты өлшемнің көмегімен заттардың ұзындығын, енін, биіктігін өлшеу және осы өлшемдер бойынша бірнеше заттарды салыстыру.</p>
Қоршаған ортамен таныстыру		<p>Заттар, олардың белгілерін нақтылау және бейтаныс заттардың қолданылуын түсіну.</p> <p>Заттардың қандай материалдардан жасалғанын өз бетінше анықтау және талдау, олардың сапалары мен қасиеттерін сипаттау.</p> <p>Әртүрлі мамандықтар, балабақша қызметкерлерінің еңбегі туралы түсініктерін кеңейту, еңбектің мазмұны, сипаты және нәтижесінің маңызын, түсіну және бағалау.</p> <p>Ата-ана еңбегін түсіну, адамдардың еңбектеріндегі өзара байланыстарды байқау. Еңбек ардагерлерін, қарттарды құрметтеу, үлкенді сыйлау, олардың еңбегін бағалауды үйрету</p> <p>Шамасы келетін, бірлескен еңбек әрекетіне қатысуға, бастаған ісін аяғына дейін жеткізуге, дербестік пен жауапкершілікке баулу.</p> <p>Туған өлке, ел, Отан, мемлекеттік және халықтық мерекелер, еліміздің рәміздері, оның маңызы туралы білімдерін кеңейту.</p> <p>Қазақстан Республикасының Президенті, оның халық үшін атқаратын қызметінің маңыздылығын түсіндіру.</p>
Шығар-қ	Сурет салу Мүсіндеу Жапсыру	<p>тірі табиғат заттарының бейнелерін күрделі емес қимылдар мен қалыптар арқылы жеткізеді</p> <p>шынайы бейнесіне қарап және ойдан пішіндері мен өлшемі әртүрлі таныс заттарды мүсіндейді</p>

		<p>Кұрастыру өз жұмысының нәтижелерін бағалай алады; жаңа түстер (күлгін) және реңктерді (көк, қызғылт, қою жасыл) бояуды араластыру арқылы шығарады</p> <p>сюжеттік жапсыруда заттардың өлшеміне қарай арақатынасын, әртүрлі заттардың бөліктерінің пішінін, олардың құрылымын, пропорцияларын береді; шаблондар мен трафареттермен, дайын үлгілермен жұмыс істейді;</p>
Музыка		<p>Қозғалыс бағытын музыкалық фразаларға сәйкес өзгерту.</p> <p>Таныс би қимылдарын қолдана отырып, музыканың сипатына сәйкес ойдан би қимылдарын шығару, мәтінге сәйкес әнді сахналау.</p> <p>Балалардың музыкалық аспаптарында ойнау.</p> <p>Балалар музыкалық аспаптарында қарапайым, таныс әуендерді жеке және шағын топпен орындауға үйрету, балалар шығармашылығын дамыту, оларды белсенділікке, дербестікке баулу.</p>

Жоспардың құрылу кезеңі (айды, жылды көрсету): наурыз айы, 2022-2023 оқу жылы

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Наурыз	Дене шынықтыру	<p>Отырып алға еңкею, тізерлеп тұрып алға еңкеюді үйрету; 3-5 метр қашықтықта екі қолын жерге қойып, жүруге \бір бала екінші баланы аяғынан ұстайды\ баулу; Сауықтыру –шынықтыру шаралары, таза ауада ойындар ойнау. Бірінші бала қолын желкесіне қойып, шалқасынан жатып, денесін көтереді, екінші бала аяғына отыруды үйрету. Гимнастикалық қабырғада қолдарымен тартылып тұрып, аяқтарын көтеру \5-6 рет\ Өзінің көңіл –күйін сипаттай білуге үйрету. Балаларды ден сау адамның мүмкіндіктерімен таныстыру. Ұлттық ойындар таза ауада. Отырып алға, артқа еңкею \5-6 рет\, стретчинг элементтері бар жаттығуларды орындату; Қолдың көмегімен етпетінен жатып еңбектеуді \3 метр\ үйрету Далада ұйымдастырылған эстафеталық ойындарға қызығушылығын арттыру. Берілген бағытқа допты оң және сол аяқпен тебуді үйрету Допты заттарды айналдыра жүргізуге машықтандыру.</p>
	Сөйлеуді дамыту	<p>Алуан түрлі заттарды сипаттауға, қарым-қатынас жасауға қажетті сөздерді қолдану және түсіну, оларды сөйлегенде белсенді қолдану дағдыларын қалыптастыру Қазақ халқының салт-дәстүрлерімен таныстыруды жалғастыру, «Асар», «Сүйінші сұрау» дәстүрлерінің мәнін түсіндіру Балаларды бір-біріне көмек қолын созуға, бірлесіп, келісіп ойнауға, тапсырманы орындауға, бір-бірінің қуанышына ортақтаса білуге, бір-біріне қамқор болуға баулу Сөйлемдердегі сөздерді: зат есімдерді сан есімдермен және сын есімдерді зат есімдермен үйоесиіре білуді жетілдіру.</p>
	Көркем әдебиет	<p>Шешендікке, сөз өнеріне баулу, санамақ, жаңылтпаш айту, жұмбақ шешу, айтыс өнеріне баулу. Өлеңді жаттату арқылы тілдік бейнелілігін сезінуге баулу. Көркем тілдік дағдыларды қолдана білуді үйрету. Ауыз әдебиеті шығармалары негізінде салт-дәстүр туралы түсінік беру. Ұлттық дәстүрге</p>

	<p>қызығушылығын дамыту. Айналасында болып жатқан оқиғаларғаөзінің көзқарасын білдіруге құлшынысын дамыту, сөйлегенде мақал-мәтелдерді қолдануға баулу. Шешендікке, сөз өнеріне баулу, санамақ, жаңылтпаш айту, жұмбақ шешу, айтыс өнеріне баулу.</p>
Сауат ашу негіздері	<p>Диалог жүргізуге, өз пікірін айтуға машықтандыру; Өртүрлі бағыттағы сызықтарды алдымен үлгімен, кейіннен өз бетінше жазуға мүмкіндік беру; Геометриялық пішіндердің дайын суретін сыртына шығармай бастыруға баулу; Жемістердің суретін қанық бояуға машықтандыру; Қолды жазуға дайындау; Дыбыстық талдау жасау: дауысты, дауыссыз дыбыстарды анықтау;</p>
Қазақ тілі	<p>Білімділік міндет;жыл мезгілінің ерекшеліктерін қазақша айта алу,суреттер бойынша шағын мәтіндер құрастыруды дағдыландыру.Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсінуді және қолдануды үйрету. Дамытушылық міндеті;жөздерді сөз тіркесімен айтуға,сөйлем құрауға жаттықтыру.Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру. Тәрбиелік міндеті;табиғаттың әдемілігін көре білуге тәрбиелеу. Білімділік міндет: Көктемгі еңбек түрлерін қазақша айта алу.Сөздер мен сөйлемдерді түсінуді және қолдануды үйрету. Дамытушылық міндеті;сөйлем құруда сөздерді ретімен қолдануға жаттықтыру. «І» дыбысын дұрыс айтуға жаттықтыру, артикуляциялық аппаратты дамыту. Тәрбиелік міндеті;үлкендер еңбегін құрметтеуге,еңбек етуге тәрбиелеу. Білімділік міндеті;жыл құстарын танып дұрыс атау, жаңылтпаштарды айтуға үйрету.Қимылды білдіретін сөздердің мағынасын түсіну және ауызекі тілде қолдануды дағдыландыру.Зат есімдерді жекеше және көпше түрде қолдану дағдыларын қалыптастыру. Дамытушылық міндеті: Сөйлем құруда сөздерді ретімен қолдануға жаттықтыру. «Ө» дыбысын дұрыс айтуға жаттықтыру, артикуляциялық аппаратты дамыту. Тәрбиелік міндеті;үлкендер еңбегін құрметтеуге,еңбек етуге тәрбиелеу. Білімділік міндеті: қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету. Сөздерді сөз тіркесімен айтуға дағдыландыру. 2-3 сөйлеммен затты сипаттай білу дағдыларын дамыту.</p>

		<p>Дамытушылық міндеті: диалог құрып сөйлеуге дағдыландыру; қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтып, анықтай білуге жаттықтыру.</p> <p>Тәрбиелік міндеті: мәдениетті, сыпайы сөйлеуге тәрбиелеу.</p>
Математика негіздері		<p>Көлемдер жайлы білімдерін кенейту, ұзын –қысқаның, тар –кеңнін, қалың- жұқаның айырмашылықтарын бекіту..Дұрыс,таза дыбыстай білуге үйрету</p> <p>Қашықтан заттарды ұзындықтары бойынша салыстыруды, саусақтың ұсақ бұлшықеттерінің қозғалысын жетілдіру. Есте сақтау қабілеттерін дамыту. Ұқыптылыққа тәрбиелеу. Зерттеу, салыстыру жұмыстарына қызығушылықтарын арттыру.</p> <p>Геометриялық пішіндерді (дөңгелек, сопақша, үшбұрыш, шаршы, тіктөртбұрыш) ажырату.</p> <p>Геометриялық фигуралар (шеңбер, сопақ, үшбұрыш, шаршы, тіктөртбұрыш) мен денелерді (шар, текше, цилиндр) ажыратып, дұрыс атау.</p> <p>Қоршаған ортадан геометриялық фигураларға ұқсас заттарды тауып, олардың пішіндерін анықтау.</p>
Қоршаған ортамен таныстыру		<p>Қазақстан Республикасының бас қаласы – Астана, республикадағы қалалар мен ауылдардың атаулары, олардың көрікті жерлері, ауыл мен қала өмірінің ерекшеліктері туралы ұғымдарын байыту.</p> <p>Тірі және өлі табиғаттың, Қазақстанның әсем табиғаты, көрнекі жерлері мен тарихи орындарының, мәдени мұрасының маңыздылығын түсіндіру</p> <p>Қазақ халқының салт-дәстүрлерін білу және құрметтеу, қазақ халқының құндылықтарына құрмет танытуға баулу.</p> <p>Жолда қауіпсіздік ережелерін сақтау. Жол белгілерін (жүру бөлігі, жаяу жүргіншілер өткелі, тротуар, велосипед, электросамокат, гироскутер, сигвейге арналған жол) білу, бағдаршамның белгілеріне сәйкес жолдан өту.</p> <p>Жол қозғалысының қарапайым ережелерін, жаяу жүргіншілер мен велосипедшілердің қозғалыс ережелерін сақтауды үйрету</p> <p>Тірі және өлі табиғат, табиғат құбылыстары (маусым, өсімдік, адам еңбегі) арасындағы себеп-салдарлық байланыстарды бақылау және түсіндіру.</p> <p>Балалардың зерттеу әрекеті үшін жағдай жасау, табиғатпен таныстыру барысында заттар мен құбылыстардың өзіне тән, сипаттамалық белгілерін бақылау, талдау, салыстыру, ажырату.</p> <p>Адам өмірі үшін судың, құмның, күн, ай сәулесінің, саздың, тастардың маңызын түсіндіру.</p>

Шығар-к	Сурет салу	Дайын үлгілермен және қарапайым сызба бойынша жұмыс істеу, бейнені кескіні бойынша қию үшін қайшыны қолдану. Табиғи, қалдық материалдардан құрастыру.
	Мүсіндеу	Табиғи (ағаш, мақта, жүн, жіп, асық, қағаз, тері, кенеп, мата, дәннің түрлері) және қалдық заттардан құрастыруға баулу
	Жапсыру	Қазақ халқының табиғи материалдардан жасалған бұйымдарымен, киіз үйдің жасауларымен, тұрмыстық заттарымен, ыдыстарымен таныстыру, олардың қандай материалдан жасалғанын зерттеу
	Құрастыру	Табиғи материалдарды дұрыс пайдалануға үйрету. Табиғи және қалдық материалдармен жұмыс жасау кезінде өзінің әрекетін жоспарлау дағдыларын жетілдіру, дербестік пен шығармашылық танытып, мақсатты түрде жұмыс жасай білу. Шығармашылық қиялды дамыту, көрнекілікке сүйене отырып, елестетуі, ойлауы бойынша қолдан бұйымдар жасай білу.
Музыка	Музыкалық \дауылпаз, асатаяқ, сазсырнай, тұяқтас, қоңырау, сыбызғы, домбыра, металлофон, ксилофон, бубен, барабан, маракас, румба\ және шулы аспаптарда ойнау тәсілдерімен таныстыру. Күйші- композиторлар: Құрманғазының, Қорқыттың, Тәттімбеттің, Дина Нұрпеисованың, Дәулеткерей Шы,айұлының, Ықылас Дүкенұлының шығармаларымен таныстыру. Ән айтуда дауыспен вокалдық – есту қабілетін үйлестіруді жетілдіру; - Ән айту дағдыларын қалыптастыру, бірінші октаваның «ре», екінші октаваның «до» диапазонда жеңіл дауыспен ән айта білуге дағдыландыру	

Жоспардың құрылу кезеңі (айды, жылды көрсету): сәуір айы, 2022-2023 оқу жылы

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Сәуір	Дене шынықтыру	<p>Адам ағзасы және оның қызметінің ерекшеліктері туралы түсініктерінткенейту. Футбол добын қақпаға тебуді үйрету.</p> <p>Адамның денсаулығы дұрыс тамақтануға байланысты екені туралы түсініктерді жетілдіру. Футбол добын бірнеше рет аяқпен қабырғаға тебуді үйрету.</p> <p>Адамның денсаулығына гигиена мен күн тәртібінің ықпалы туралы түсініктерін кеңейту. Эстафеталық ойындарға қатысуға баулу.</p> <p>Науқасқа күтім жасау дағдыларын қалыптастыру: оған қамқорлық жасау, шуламау; Кеуде тұсынан екі қолымен баскетбол добын бір-біріне лақтыру.</p> <p>Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру. Баскетбол добын оң және сол қолмен алып жүруге жаттықтыру.</p> <p>Жеке гигиена ережелерін дамыту: қол – аяғын, тісін жуу, тамақтанғаннан кейін ауыз шәю, қол орамалды пайдалану, белге дейін дымқыл сүлгімен сүртінуді. Воланды ракеткамен белгілі бір жаққа бағыттай отырып лақтыруды үйрету.</p> <p>Өзіне - өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын қалыптастыру. Аяқтың ұшына көтерілу, қолды алға созып жартылай отырып – тұруды \2-3 рет\ үйрету</p> <p>Қолды тізеге қойып отырып- тұруды үйрету;</p> <p>Шеңбер бойымен және тура жолмен өз бетінше екі дөңгелекті велосипед тебуді үйрету;</p> <p>Аяқтың ұшымен ұсақ заттарды жылжыту жаттығуларына баулу.</p> <p>Гимнастикалық қабырғада қолдарымен тартылып тұрып, аяқтарын көтеруді үйрету \5-6 рет\Эстафеталық ойындар ойнату.</p>
	Сөйлеуді дамыту	<p>Түрлі балалар әрекетінде қазақ халқының мәдениетімен, салт- дәстүрлерімен таныстыру арқылы ауызекі сөйлеуді дамыту;</p> <p>әндер мен билерді қолдана отырып, көркем бейнені құруда шығармашылық дербестікті дамыту.</p> <p>ересектердің көмегімен әңгіменің жалғасын және соңын ойдан шығарады; бақылаулар мен сюжеттік суреттер бойынша әңгімелер құрастырады;</p> <p>әңгімелесу кезінде өзін мәдениетті, әдепті ұстайды</p>

	<p>Тілдің грамматикалық құрылымы. Түбірлес сөздерді жасау және қолдана білу, етістіктерді жалғаулармен қолдану, сөйлеу әдебін, жай және жайылма сөйлемдерді қолдану дағдыларын қалыптастыру.</p>
Көркем әдебиет	<p>Шығарма мазмұнын сюжеттің бірізділігін сақтай отырып, эмоциямен, қисынды қайталап айтып беру, диалогтік сөйлеуді дамыту, кейіпкерлерге және олардың әрекеттеріне өз көзқарасын білдіру.</p> <p>Баланың басқа құрдастарымен және ересектермен түрлі дереккөздерден: ғаламтордан, теледидардан, жақындарының әңгімесінен алған ақпараттарымен, әсерлерімен бөлісуіне мүмкіндік беру.</p> <p>Тілдік ойлау қабілетін дамыту. Көркем шығарманы рөлдерге бөліп, сахналау, рөлдерде кейіпкердің көңіл күйі мен мінезін, бейненің қимылын, интонациясы мен мимикасын беру, қойылымдағы өзінің рөлін мәнерлі дербес орындау.</p> <p>Дербес әрекетте көркем тілдік дағдыларды қолдана білуін бекіту. Өлең мазмұны арқылы мәнерлеп оқуға дағдыландыру. Суретке қарап әңгіме құрай білуге үйрету.</p>
Сауат ашу негіздері	<p>Жазуды көзбен қадағалай отырып, қаламды, қарындашты дұрыс, еркін ұстауын қадағалау; Біркелкі жоғарыдан төменге, солдан оңға қимылдарды орындап, сызықтарды үзбей салдырту; Әңгімелесушіні тыңдауға, диалог жүргізуге, өз пікірін айтуға үйрету; Дыбыстық талдау жасату; Сөздерді буынға бөлу, дауысты, дауыссыз дыбыстарды анықтау; Берілген буынға сөздер құрастыру; Сөздергі буындардың санын анықтау; Берілген сөздерден жай сөйлемдер құрастыру;</p>
Қазақ тілі	<p>Білімділік міндеті: сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыру, үй жануарлары мен төлдерін топтай алуға жаттықтыру, мәтінді мұқият тыңдап, оның ішінен таныс сөздерді таба білуге жаттықтыру. Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету.</p> <p>Дамытушылық міндеті: ойлау қабілеттерін дамыту, сөздегі қазақ тіліне тән «ұ» дыбысын дұрыс айтуға дағдыландыру. Артикуляциялық аппаратты, тыныс алуды және таза дикцияны дамыту.</p> <p>Тәрбиелік міндеті: үй жануарларына қамқор болуға тәрбиелеу.</p> <p>Білімділік міндеті: қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету. Сөздерді байланыстырып сөйлемдер құрай білу</p>

		<p>дағдыларын жетілдіру, әрбір сөзді анық айтып, өз ойларын дұрыс жеткізе білуге үйрету.</p> <p>Дамытушылық міндеті: сөздік қорларын дамыту. Сөздердегі қазақ тіліне тән «қ» дыбысын дұрыс айтуға дағдыландыру. Артикуляциялық аппаратты, тыныс алуды және таза дикцияны дамыту.</p> <p>Тәрбиелік міндеті: балаларды татулыққа тәрбиелеу.</p> <p>Білімділік міндеті: қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету. Сөздерді бір-бірімен байланыстырып, сөйлем құрауға жаттықтыру. Үй жануарлары туралы алған білімдерін, яғни жаңа сөздерді бекіту.</p> <p>Дамытушылық міндеті: ойлау, зейін қойып тыңдау секілді қабілеттерін дамыту. Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру. Есту және мәтіннен таныс сөздерді таба білу қабілеттерін дамыту.</p> <p>Тәрбиелік міндеті: қамқорлыққа тәрбиелеу.</p> <p>Білімділік міндеті: қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету. Сөздік қорларындағы сөздерді белсенді қолдана білуге жаттықтыру, қарапайым сұрақ қойып, оларға жай сөйлеммен жауап беруді дағдыландыру.</p> <p>Дамытушылық міндеті: жаңылтпаш, ойындар арқылы тіл байлықтарын дамыту. Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру. Тілдік және артикуляциялық аппаратты, тыныс алуды және дикцияны дамыту.</p> <p>Тәрбиелік міндеті: жануарларға қамқор болуға тәрбиелеу.</p>
Математика негіздері		<p>Танымдық-зерттеушілік қызығушылықты, ойлауды, алдына қойылған міндетті шешуде не істеу, қалай істеу керек екенін түсінуге, күрделі формадағы заттарды өз бетінше зерттеуге мүмкіндік беру.</p> <p>Қоршаған ортадан геометриялық фигураларға ұқсас заттарды табу, олардың пішіндерін анықтау.</p> <p>Пішіннің бір формасынан екіншісін қалай жасау керектігі туралы ұғымдарды дамыту.</p> <p>Заттарды кеңістікте орналастыру, қозғалыс бағыттарын білу.</p> <p>Балалардың есте сақтау қабілетін, кенестікте ойлау қабілетін дамыту; ұқыптылыққа, қолындағы затты орнына қоюға тәрбиелеу.</p> <p>Кеңістік туралы түсініктерді бекіту: заттарды кеңістікте орналастыру (сол жақта, оң жақта, жоғарыда, төменде).</p> <p>Айлар, жыл мезгілдері туралы түсініктерді қалыптастыру, олардың ретін білу және атау .</p> <p>Жыл мезгілдерін, апта күндерін таныстыра отырып, жыл мезгілдерінің ерекшеліктері жайлы түсіндіру.</p>
Қоршаған ортамен таныстыру		Туған өлкенің өсімдіктері (ағаштар, бұталар, гүлдер, шөпті өсімдіктер)

		<p>туралы түсініктерін кеңейту, «орман», «шалғын» және «бақша» ұғымдарымен таныстыру.</p> <p>Өсімдіктерге қажеттіліктеріне сәйкес күтім жасауды үйрету</p> <p>Жануарларды әртүрлі белгілері бойынша: құстар, балықтар, жануарлар, аңдар, жәндіктер, мекендеу орны (орман, шалғын, су айдыны, бақша, бақ, алаң); қозғалу тәсілі (жүгіру, ұшу, секіру, жүзу); табиғи-климаттық аймақтар (ақ аю, итбалық, пингвин, жираф, піл, маймыл) бойынша топтастыруды үйрету.</p> <p>Қоғамдық орындарда мінез-құлық ережелері туралы; үйдегі, балабақша тобындағы міндеттері туралы түсініктерін кеңейту.</p> <p>Ненің «дұрыс» немесе «дұрыс емес», «жақсы» немесе «жаман» екенін түсінуге және ажырата білуге үйрету.</p> <p>Қоршаған ортада, табиғатта тәртіп ережелерін білу; өз өмірінің қауіпсіздігін сақтауды үйрету.</p> <p>Жануарлар әлемі.</p> <p>Қазақстан аумағын мекендейтін жануарлар мен олардың төлдерін атау және олардың өздеріне тән белгілері бойынша ажырату</p> <p>Еңбекке баулу. Әртүрлі мамандықтар, балабақша қызметкерлерінің еңбегі туралы түсініктерін кеңейту, еңбектің мазмұны, сипаты және нәтижесінің маңызын, түсіну және бағалау.</p> <p>Ата-ана еңбегін түсіну, адамдардың еңбектеріндегі өзара байланыстарды байқау. Еңбек ардагерлерін, қарттарды құрметтеу, үлкенді сыйлау, олардың еңбегін бағалау.</p>
Шығар-к	Сурет салу Мүсіндеу Жапсыру Құрастыру	<p>Жапсырудың түрлі әдістері (симметриялы, сыңарлы симметриялы, сұлбалы) мен тәсілдерін (тура, қисық қию, ою, флористика элементтерін) қолдану, түрлі материалдардан (қағаз, мата, табиғи материалдар) жапсыру.</p> <p>Шынайы бейнесіне қарап және ойдан пішіндері мен өлшемі әртүрлі таныс заттарды: көгөністерді, жемістерді, ойыншықтарды, ыдыстарды мүсіндеу, оларға тән ерекшеліктерді беру, қолдың және саусақтардың қимылдарын жетілдіру, қарапайым пропорцияларды сақтай отырып, адам мен жануардың пішіндерін мүсіндеу.</p> <p>Бақылаған заттың бейнесін бере білу, затты әртүрлі қалыптарда мүсіндеу,</p> <p>Қазақ халқының өмірін, еңбегін, тұрмысын көрсете отырып, қазақ ертегілерінің желісі бойынша сурет салу. Ұжымдық жұмыстарға, өз бетінше ойдан сурет салуға мүмкіндік беру.</p>

		<p>Бояумен сурет салу кезінде қылқаламды бояуға батыру, қағазға жуан сызықтарды сызарда қылқаламды көлденең, ал жіңішке сызықтар мен нүктелерді сызу үшін тігінен ұстап, суреттерді бояғанда бір бағытта солдан оңға қарай, жоғарыдан төмен қарай, қиғашынан жүргізу.</p>
	Музыка	<p>Ән айтар алдында, музыкалық фразалар арасында тыныс алу, әннің сөздерін анық айту, орташа, қатты және ақырын дауыспен ән айту; Музыкалық сүйемелдеумен және сүйемелдеусіз жеке ән айту дағдыларын дамыту. Әртүрлі сипаттағы әндерді өз бетінше және шығармашылықпен орындауға баулу Әнді музыкалық талғаммен орындауға жаттықтыру</p>

Жоспардың құрылу кезеңі (айды, жылды көрсету): мамыр, 2022-2023 оқу жылы

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Мамыр	Дене шынықтыру	<p>Қимылдардың ырғағын музыкалық сүйемелдеумен үйлестіру.</p> <p>Түзу бағытта адымдап жүру, жұбымен шеңбер бойымен жүруді қайталату.</p> <p>Самокат тебу, жол ережесін сақтай отырып оңға және солға бұрылуды үйрету.</p> <p>Қоғамдық орындарда гигиена ережелерін сақтау дағдыларын қалыптастыру. Заттардан аттап жүру, шектелген жазықтықтың үстімен қосалқы қадаммен, аяқтың ұшымен жүруді үйрету;</p> <p>Өкшені арқанға, аяқ ұшын еденге қоя жүру, әр қадам сайын допты алдынан не артынан қолдан – қолға ауыстыруды үйрету.</p> <p>Судың таяз жерінде отырып және жатып аяқпен қимылдар жасауға \жоғары –төмен\ баулу</p> <p>Су ішінде қолымен алға, артқа жүру. Суға бетін малу, суға үрлеуді үйрету.</p> <p>Ұлттық қимылды ойындар ойнату;</p> <p>Меңгерген қимыл дағдыларын жетілдіру, серуен орнын жабдықтау, балалардың жүруіне арналған кедергі жодар жасау, ойнату.</p> <p>Салауатты өмір салтының маңызды компоненттері: дұрыс тамақтану, қимылдар, ұйқы және күн, ауа, су және денсаулыққа зиян келтіретін факторлар туралы түсініктерді кеңейту.</p> <p>Велосипед тебуді жалғастыру</p> <p>Жол ережесін сақтай отырып самокат тебу;</p>
	Сөйлеуді дамыту	<p>қазақ халқының құндылықтарын құрметтейді; хабарлы, сұраулы, лепті сөйлемдерді қолданады;</p> <p>құрдастарымен өз бетінше қарым-қатынас жасай алады, әртүрлі ойындарды бірге, келісіп ойнайды;</p> <p>Шығармашылықпен сөйлеу әрекеті.</p> <p>Шығармашылықпен әңгімелеп беруді жетілдіру: ересектердің көмегімен әңгіменің жалғасын және соңын ойдан шығару, бақылаулар мен суреттер бойынша сипаттау және хабарлау әңгімелерін құрастыру, өзара байланысты бірізді сюжет құрастыру, сөйлегенде бейнелі сөздерді, эпитеттерді, салыстыруларды қолдану.</p>
	Көркем әдебиет	<p>Балалардың назарын кітаптың безендірілуіне, иллюстрацияларына аудару. Баланың басқа құрдастарымен және ересектермен түрлі дереккөздерден: ғаламтордан, теледидардан,</p>

		<p>жақындарының әңгімесінен алған ақпараттарымен, әсерлерімен бөлісуіне мүмкіндік беру. Айналасында болып жатқан оқиғаларға өзінің көзқарасын білдіруге құлшынысын дамыту, сөйлегенде мақал-мәтелдерді қолдануға баулу.</p> <p>Шығарма мазмұнын сюжеттің бірізділігін сақтай отырып, эмоциямен, қисынды қайталап айтып беру, диалогтік сөйлеуді дамыту, кейіпкерлерге және олардың әрекеттеріне өз көзқарасын білдіру. Әдеби кейіпкердің белгілі бір әрекетін өзінің қалай қабылдағаны туралы айту, кейіпкерлердің жасырын әрекетін түсіну.</p> <p>Көркем шығарманы рөлдерге бөліп, сахналау, рөлдерде кейіпкердің көңіл күйі мен мінезін, бейненің қимылын, интонациясы мен мимикасын беру, қойылымдағы өзінің рөлін мәнерлі дербес орындау.</p> <p>Балаларды қол жетімді көркем шығармалар мен фольклорға, театр әлеміне баулу, кітапқа деген қызығушылығын дамыту</p>
Сауат ашу негіздері		<p>Диалог жүргізуге, өз пікірін айтуға, әңгіме құрастыруға баулу;</p> <p>Балалардың қалауын ескере отырып, тәуелсіз шешім қабылдауға көрнекілік таңдау;</p> <p>Жазу парағында бағдарлай білуге машықтандыру;</p> <p>Қолды жазуға дайындауға арналған тапсырмаларды орындату;</p> <p>Берілген сөздерден жай сөйлемдер құрастырады;</p> <p>3-4 дыбыстан тұратын сөздерге дыбыстық талдау жасату;</p> <p>Дыбыстардың белгілерін ажырату \дауысты, дауыссыз\;</p> <p>Сөздерді буынға бөледі, олардың саны мен ретін анықтайды;</p> <p>Берілген буынға сөз құрастырады;</p> <p>Жеміс, көкөністердің дайын суреттерін сыртына шығармай бастыру, бояуға машықтандыру;</p>
Қазақ тілі		<p>Білімділік міндеті: қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету.</p> <p>Дамытушылық міндеті: сөздік қорларын жана сөздермен толықтыру, өткенді еске түсіру. Сөздерді сөйлемдерге байланыстырып құрауды дағдыландыру. Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру.</p> <p>Тәрбиелік міндеті: ұлттық салт-дәстүрлерге құрметпен қарауға тәрбиелеу.</p> <p>Білімділік міндеті: сөздер мен сөйлемдерді түсінуді және қолдануды үйрету. Қазақ ертегілерінің кейіпкерлерін танып, білуге үйрету, халық ауыз әдебиеті арқылы тілдерін жетілдіру.</p> <p>Дамытушылық міндеті: байқампаздық, салыстыру, жақсы қасиеттерді түсініп, өз ойларын айтуды дамыту. Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру.</p>

		<p>Тәрбиелік міндеті: қазақ ертегілеріндегі жағымды кейіпкерлерден үлгі алуға тәрбиелеу.</p> <p>Білімділік міндеті: жаз айларын қазақша айта білу, қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету. Педагогтің көрсеткен үлгісі бойынша шағын мәтін құрастыра білу дағдыларын жетілдіру, сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыру.</p> <p>Дамытушылық міндеті: сұрақтарға саналы түрде жауап беру дағдыларын дамыту. Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру.</p> <p>Тәрбиелік міндеті: табиғатты сүйуге, аялауға тәрбиелеу.</p> <p>Білімділік міндеті: қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету. Сұрақ қоюға және сұраққа толық сөйлеммен жауап беруге жаттықтыру.</p> <p>Дамытушылық міндеті: ойлау, ауызекі сөйлеу белсенділігін арттыру. Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру.</p> <p>Тәрбиелік міндеті: білімпаздыққа тәрбиелеу.</p>
	Математика негіздері	<p>Апта күндерін, жыл мезгілдері бойынша айларды ретімен атау.</p> <p>Әртүрлі оқиғалардың, апта күндерінің, тәулік бөліктерінің реті туралы білімді бекіту, циферблат бойынша уақытты анықтау.</p> <p>Өлшеу құралымен таныстыру, зерттеуді, талдау жасай білуді, себеп - салдарлық байланыстарды орнату, қорытынды жасауды дамыту;</p> <p>Танымдық қызығушылықтарын, білуге құмарлықты, оқу әрекетіне қызығушылықты дамыту. Заттың салмағы және оны өлшеу туралы түсінік қалыптастыру; заттарды «ауыр - жеңіл» сөздерін пайдалана отырып салыстыруды үйрету</p> <p>Заттарды қолмен салыстырып, олардың салмағын көлеміне қарай анықтауды үйрету;</p> <p>Бағдарлама бойынша балалардың білімдерін тиянақтау, сандарды (тура, кері) санауға, заттардың көлемін салыстыру, геометриялық пішіндерді ажыратуға және атай білуге үйрету</p> <p>Материалды қорытындылау. Баланың жетістіктерінің деңгейін анықтау.</p>
	Қоршаған ортамен таныстыру	<p>Бала, оның отбасы, үйі.</p> <p>Өзінің жасына сәйкес өмірінде болатын өзгерістерді, балабақшаға баруы, мектепке баруы, ересек азамат болып ержетуі мен еңбек етуі, болашақта табысты болуы үшін білімнің қажеттігін түсінуіне, болашақта мектепте оқуға ынтасын арттыру, жаңаны тануға, өз өміріне қажетті дағдыларды игеруге ықпал ету.</p> <p>Табиғатты қорғау, сақтау, күн мен ауаның адам, жануарлар мен өсімдіктер өміріндегі маңызы туралы білуге үйрету.</p>

		<p>Ненің «дұрыс» немесе «дұрыс емес», «жақсы» немесе «жаман» екенін түсінеді және ажыратуға дағдыландыру.</p> <p>Туған өлкенің ағаштарын, бұталарын, гүлдерін, шөпті өсімдіктерін таниды және ажыратуға баулу.</p> <p>Қазақстан аумағында мекендейтін жануарлар мен олардың төлдерін ажыратады және атайды;</p> <p>Төрт түліктің пайдасын біледі, оларды күтіп-баптауды үйрету.</p>
Шығар-қ	Сурет салу Мүсіндеу Жапсыру Құрастыру	Балалардың шығармашылық қабілеттерін қоршаған ортаны эстетикалық тұрғыдан қабылдауын дамыту.
		Заттардың жазықтықта әртүрлі орналасуының мүмкін екендігін түсіндіру
		Бояуларды қолдануды, бояғышта акварельмен сумен араластыруды, қанық түстер алу үшін қарындашты түрліше басып бояуды үйрету
		Қарапайым пропорцияларды сақтай отырып, адам мен жануардың пішіндерін мүсіндеуге баулу.
Музыка		<p>Таныс би қимылдарын қолдана отырып, музыканың сипатына сәйкес ойдан би қимылдарын шығару, бірлік күніне сәйкес әнді сахналау</p> <p>Балалар музыкалық аспаптарында қарапайым, таныс әуендерді жеке және шағын топпен марш орындауға үйрету</p> <p>Музыкалық сүйемелдеумен және сүйемелдеусіз жеке ән айту дағдыларын дамыту.</p> <p>Би қозғалысының бағытын музыкалық фразаларға сәйкес өзгерту</p>